# НҰРА

Еженедельная газета Нуринского района

№ 33 (4694)
СУББОТА,
18 августа
2001 года

Газета издается с 1 мая 1963 года | ГАЗЕТА ВЫХОДИТ НА КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ | ЦЕНА ДОГОВОРНАЯ


## СООБЩЕНИЕ

Депутатом районного маслихата по избирательному округу № 4 (Кертинди-Ивановка) избран Сулейменов Нурлан Халелевич. В голосовании приняли участие 1256 человек, что составило 86 процентов от общего числа избирателей. За Н.Х. Сулейменова проголосовало 1166 человек, или 92,8 процента.

**Окружная избирательная комиссия.**

## ОБРАЩЕНИЕ

### комиссии по делам семьи и женщин при акиме района к общественности в поддержку благотворительной акции "Кел, балалар оқылық!"

**Уважаемые сограждане!**

Становится доброй традицией проведение всенародных благотворительных акций. В этих мероприятиях повсеместно активное участие принимают коммерческие структуры, различные предприятия, учреждения, общественные организации и объединения.

Однако нынешняя акция имеет особое значение, поскольку она проходит в Год 10-летия Независимости Республики Казахстан.

В рамках акции "Кел, балалар оқылық!" необходимо сделать все зависящее от нас, чтобы в новом учебному году дети пошли в школу, не чувствуя дискомфорта из-за материальных проблем родителей или своих опекунов. Для того, чтобы увидеть первого сентября довольные и радостные лица детей, идущих в школу, нам предстоит сделать многое.

Мы обращаемся к состоятельным людям с просьбой внести свой конкретный вклад материально подготовить к школе хотя бы одного ребенка. Надеемся, что среди вас найдется немало тех, кто сумеет поддержать школьников из малообеспеченных семей.

Будучи проводниками акции, работники аппарата акима района, районного маслихата, показывая пример остальным, решили подготовить к школе 20 детей (каждый по одному ребенку) из малообеспеченных семей.

Существенный вклад в это благородное дело смогли бы внести руководители учреждений и организаций, промышленники и предприниматели, депутаты маслихатов и многие другие.

Глубоко убеждены, что акция охватит максимально возможное количество нуждающихся в помощи детей.

Желаем добра и счастья в каждом доме, благополучия в каждой семье и успешной работы.

**Комиссия по делам семьи и женщин при акиме района.**

## ҚЫСТАН ҚЫСЫЛМАЙ ШЫҒАТЫН БОЛАДЫ

Балықтықөлдіктер "жасыл орақка" күні бүгінге бұрнағыша мән беріп, оған жан-жақты дайындықпен түседі. Содан да ол ұйымшылдықпен өткеріліп, шөпші-механизаторлар жылма-жыл жоғары көрсеткішке ие болып жүр. Биылғы мерекелі жылғы науқанды да дәстүрлі ұйымшылдықпен қарқынды өткеруде.

- Бізде пішен дайындау технологиясы бұрнағы қалпы, - дейді бізбен әңгімесінде шаруашылық басшысы Бабай Қалиев. - Жылдағыдай шабындыққа 5 шалғы түсті. Яғни доңғалақты трактордан туратын 5 тіркеме. Шалғышылар Жанболат Шоқпаров, Мұхтар Құнанбаев, Аман Мұсабеков, Жасұлан Баймағанбетов және Аменгелді Беспаевтар техника тегіне қанық, білікті кәсіби шеберлер. Науқан бойы бұлар өзара еңбек бәсекесіне түсіп, бірін-бірі өкшелей қуып отырады. Әрине, мұның өзі жалпы пішеншілер қарқынын арттырып, жоғары өнімділікке жетелейді. Бұдан кейінгі міндет Сансызбай Шиндербаев пен Данияр Тайлақов сынды майталмандар мойынында. Бұлар шабылған шөпті тырнауышпен бөкестеп, итергішпен көпенелейді, бір жерден артатын қып үйеді. Ал тиегіш тракторында озат механизатор Дауыс Мырзағұлов істейді. Бір өзі жаз бойы 1000 тоннадан астам өнім тиеп жөнелтсе, маусымдық нормасынан әлдеқайда асып түскендігі байқалады. Сондай-ақ бұл көрсеткіш тасымал көлігіндегі майталмандардың да сінірген еңбегінің айғағы болмақ. Иә, қыстаққа және жеке меншікке пішен жеткізуде "Кировец" тракторын ұршықша иірген Жұматай Ибрагимов пен

ПІШЕН ДАЙЫНДАУ

"Урал" ауыр салмақты автокөлік жүргізушісі Ғалым Бимурзинның көпшіліктің көңілінен шыққаны белгілі. Міне, осылардың ерен еңбегінің арқасында биыл да балықтықөлдіктер қыстан қысылмай шығатын болады.

Бұл күндері "Балықтықөлде" орақ науқаны өріс алып, қыза түскен. Пішеншілердің біразы осына негізгі науқанға

ауысқанымен, "жасыл орақ та" жалғаса түсуде. Содан да бригада жетекшісі, тәжірибелі ұйымдастырушы Уәлихан Сакимбаев қамқорлық аясын екі жаққа бірдей жасауға тырысуда. Әрине, ас атасы наннан артық ештеңе жоқ. Әлбетте, "жасыл орақтың" шаруашылыққа түсірер пайдасы, алар орны өзіндік. Жалпы ұйымшыл, іскер ұжым жыл мәресіне көрнекті табыстармен жетіп, республиканың мерейтойына лайықты еңбек шашуын шашпақшы.

**Боташ БЕКМАҒАМБЕТОВ,**
**Балықтықөл ауылы.**

**Суреттерде:** шаруашылық басшысы **Бабай Қалиев** пен тасымалдағы **Жұматай Ибрагимов** тиелген пішенді қайда жеткізу барысын талқылап тұр; тиегіш тракторының механизаторы **Дауыс Мырзағұлов**, "Урал" автокөлік жүргізушісі **Ғалым Бимурзин** және қосалқы жұмыскерлер пішен тиеліп болған соңғы демалыс сәті кезінде.

## БАСТЫ КӨРСЕТКІШ – САПА

Қарой Қараталмен қанаттас ауыл. Қара Нұраның бірі оң, екіншісі - сол қабағына орналасып, өмір - өзен жолы да үндесіп жатыр. Тікелей таяқ тастам жер аракашықтығы. Тәңертеңгілікешкілік таза ауа тыныштығында екі жақтында тылсым тынысы айқын естіліп тұрады. Малды ауылдың кейінгі кездегі өзгерген көркі, жаңарған болмысы осындайда ой тастатпай қоймайды. Соның ішінде Заречное селосына өтетін тас жолдың бойынан бой түзеген екі қабатты көз тартар ғимараттың орны бөлек. Кезінде шаруашылыққа кеңсе боп салынып, кеңсе боп қызмет аткарса, соңғы жылдары бұл жас жеткіншектердің білім бұлағына сусындайтын алтын ұясы, сүйікті мектебі. Ойландыратыны ол, осына қарапайым шағын ауыл мектебінен талапкер дарынды шәкірттер қанат қағып, бұрындары оқу-тәрбие процесі үлгілі атанған белгілі ұжымдармен терезелерінің тең түсіп, саланың басшы-мамандарының назарына ілігуінен болса керек. Сонда өзгеріс өңін кіргізген қандай факторлар болды екен? Көзге түспей көлеңкеде келген мектептің көрініс белгісінің себептер негізін қалаған қозғаушы күш ше? Міне, осы және басқа да сауалдардың бетін ашу үшін Қарой орта мектебіне жуырда арнайы іс сапармен барып қайтқан едім.

Тамыздың алғашқы күнін алға салып, таңертеңгілік ертемен мектеп кеңсесі алдына ат басын тірегенімде, мұнда жұмыс күні басталып те кетіпті. Кеңсе алдында кездескен мектептің шаруашылық меңгерушісі Наурызбай Рамазанов, Сұлтан Бекмағамбетов тағы-тағылары ағымдағы жөндеу жұмысының толық аяқталғанын небір мақтаныш сезіммен жеткізді. Мектеп директоры Зарлық Мақсұтұлы Мақсұтов та өз орнында болып шықты. Осы тұста аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Сәкен Жұмабековтың іссапарға шығар алдында телефон арқылы пікір алмасқанда мына бір қадай айтқан сөздері еріксіз ойыма оралды:

- Зарлық Мақсұтұлы дейсіз бе, тура өз орнындағы адам. Ерекше атап өтер жағы ол, ұйымдастырушылық-басшылық қабылеттері, психологиялық түсінік терендігі және парасаттылық қасиеттері. Одан қалды еңбексүйгіш елгезек жан. Ал басшының іс-қимылы ұжым назарында болады, соған еліктеуге бейім келеді. Менінше Заңаңның бойындағы тұнып тұрған тұнба болмысы кімді де болмасын бей-жай қалдырмайды, әсер етеді, билеп әкетеді.

Иә, бұл аудандық оқу бөлімі басшысының тоқетер түйіні, мектеп директорына берген мінездемесі. Ал, Сәкен Жұмабеков бұл басшылыққа тосыннан келген кездейсоқ адам емес. Ол кезінде Дон орта мектебінде қатардағы мұғалімнен директорлық сатыға дейін көтеріліп, 18 жыл педагогтар ұжымын басқарған.

Директордың аядай жұмыс бөлмесі тым-тырыс. Ал оның өзі болса, қоршаған құжаттар, оқулықтар, дәптерлер әлеміне ден қойған. Акселеу басқан селдір шашын сілкіп тастап, алдындағы болашақ оқу-тәрбие жұмыс жоспары талдауына қайта-қайта үңіледі. Әредік бұрыл тарткан мұртын шиыршықтап, каламмен басын ысқылайды.

**ӨМІРДЕРЕК**

**ЗАРЛЫҚ МАҚСҰТҰЛЫ МАҚСҰТОВ - Қаратал тумасы, 1965 жылы Киевка № 2 орта мектебін бітірген соң, осында лаборант боп еңбек жолын бастаған. 1966-69 жылдары әскери борышын өтеп келіп, түлеп ұшқан мектебіне әскери ұйымдастырушы боп, ұстаздық жолын ашады. Бұдан кейін аупарткомда нұсқаушы, "Шахтер" және "Энтузиастың" кеңшарларында бастауыш партия ұйымының хатшысы боп көп жылдар жемісті қызмет істейді. 1988 жылы негізгі кәсібіне қайтып оралып, 1994 жылдан бері Қарой орта мектебінде директор.**

- Ә, ә, жоғарылат, жоғарылат, журналистке төр бос, - деп ойын бұзған Заңаң орнынан лып етіп ширақ тұрды.

- Мына бір талдау әбден титықтатты. Оқушыларға түсетін оқу сағатының салмағы ойымнан шықпай, оны жеңілдету амалдарын іздестіріп отырған жәй бар. Сөйлеңіз, жолай ма, әлде арнайы келіс пе?

- Арнайы Заңа, арнайы. Өткен оқу жылын қысқаша қорытындылап, жаңа оқу жылына қандай дайындықпен келіп отырғандарыңызды әңгімелеп берсеңіз.

- Жақсы. 2000-2001 оқу жылын жақсы аяқтап шықтық деп қысылмай айтуыма болады. Себебі 195 оқушының бірде-бірі нашар оқып, қосымша сынға түскен жоқ. Бәрі де сыныптан-сыныпқа тиісті ретімен көшірілді. Соның ішінде 7 бала орыс бөлімінен орта білім алды. Орайында аша кеткенім жөн болар. Қарой мектебі аралас боп есептеледі. Яғни шәкірттер ана тілімен қоса, орыс тілінде дәріс алады. Сондай-ақ 22 бала негізгі мектепті бітірді деген куәлік алды. Оның ішінде 2-і өте үздік деген бағаға ие болды. Ал 21 бала үздік, 54-і жақсы деңгейде тәмәмдап шықты. Әлгінде айттым, үлгермеушілер таза жоқ. Мектеп бойынша оқу жылын жақсы көрсеткішпен аяқтадық.

- Мені іссапарға шығарда да, мына тұрған жер болсадағы, жолай тағы да ойландырған-толғандырған бір сауал бар. Ол осындай жетістікке жетіп, білім мен тәрбие сапасын арттырып, талапкер шәкірттер санын көбейту негізінде қандай себептер жатыр?

- Айтайын, біріншіден, мұның тікелей мұғалімдерге, олардың қабылет-біліктілігіне, кәсіби шеберлігіне, ісіне беріктігіне бірден-бір байланысты-қатынасты екенін ашық айтуымыз керек. Ал олай болған соң, олардың міндетін толыққанды атқаруының жолдары қарастырылуы тиіс. Және бұл тікелей директордың құзырындағы абзал борыш. Қиын ба, қиын емес пе, бар ма мүмкіншілік, әлде жоқ па - директорлық парызды адал өтеу қажет. Бізде 30 ұстаз тәжірибелі ұстаздар. Осыдан барып ортақ мүдде жолындағы түсіністік үндесіп, ынтымақ - ниетіміз ұштасып жатады. Ал бірлік бар жерде тірлік те болады, жетістік те болады. Екіншіден, оқу-тәрбие жұмысының сапалылығы балалардың үй-ішімен байланысқатынас барысының нәтижелігіне байланысты. Бізде, шүкір, бұл маңызды мәселе талап деңгейінде деп әбден айтуымызға болады?! Тек қана ата-аналар комитетінің белсенді араласуымен жылма-жылғы мектептің ағымдағы жөндеуі мен ойынсауық кештерін көңілді өткізуге қосқан үлесін, ақшалай көмегін атап өтсем де жеткілікті болар. Үшіншіден, қол үзбейтін тұрақты тығыз байланыс шаруашылықпен болуы тиіс. Бұл орайда "Қарой" жауапкершілігі шектеулі серіктестік, оның қазіргі төрағасы Виктор Приб көрсетіп келе жатқан қамқорлық аясы кен. Айталық, тек былтырдан бері ғана ЖШС мектебімізге музыкалық орталық, тұрақты пайдаланатын жасанды шырша (мұның өзі 10 мың теңгеге жуықтайды) тағы тағыларды сатып әперді. Ал жылма-жылғы оқушыларды тамақтандыру мен арнайы мектепке орнатып берген электр станциясы ше?! Тек, осылардың ғана шығынын есептеп көріңіздер. Айтпақшыдай оқушыларға спортзал салыну да қарастырылуда. Боса-моса мектеп ұжымы күзгі жиын-терімде ЖШС мүшелеріне көрсетілген ақылы көмектен тағы тыс қалмайды. Ең ақыр аяғы мына зәулім ғимаратты да қиналмастан шаруашылық бізге босатып берді емес пе?!

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА

Заңаң бәйгеге шапқан сәйгүліктей денесі қызған сайын тоқтар емес. Есіме өткен-кеткен орала берді. Бастапқыда ерлі-зайыптылар мектепке жүп жазбай келетін. Марқұм Раушан математик еді. Алты бала туып, бесеуінің тәлім-тәрбиесіне, өмірге деген көзқарастарының қалыптасуына өзі бас-көз боп, белсене араласты. Бүгінде Жанаркүлі тұрмыста, Астанада тұрады. Ануары мен Данияры да осында. Кейінгісі Астанадағы басқару институтын ойдағыдай тәмәмдап шықты. Мұның атының қойылуының да өзіндік ерекшелігі бар. Сол жылы "Шахтер" совхозының астық молшылығы телегей теңіз болып, мемлекетке миллион пұт алтын дән жөнелтілген. Ал Заңаң осында партия ұйымының хатшысы болатын. Міне, осыдан барып Данияр аталуы. Бұдан кейінгі Мадиярдың өзі биыл 11 сыныпты ойдағыдай аяқтап (7 дің бірі) агроуниверситетке оқуға түсті. Әкешеше жолын қуған Айнагүлі бүгінде Қарой мектебінде мұғалім боп істейді. Тек, кенжелері, 9 сыныптағы Әдияры демесе. Анасы Раушан қайтқанда ол 2 сынып оқушысы еді...

- Биыл да мектепті жаңа оқу жылына ойдағыдай жөндеуден өткізіп, дайындап отырмыз, - дейді әңгімесін одан әрі жалғастырған Мақсұтов. - Оқушылар саны сол былтырғы деңгейде, мұғалімдер де 30-ға тарта. Негізінде кадрлармен толық қамтамасыз етілді. Бастауыш сыныпқа ғана бір орынға конкурс өткізбектіз.

- Атап өтетін педагогтар бар шығар?

- Неге болмасын. Мысалы бастауыш сыныптарға сабақ беретін Рита Әмірбекова, Салтанат Есмағамбетова, жоғары сыныптарға дәріс беретін Күміжан Дәрібаева, Гәуһар Әубәкірова, Айнагүл Мақсұтова тағы басқалары өз ісіне берілген, кәсіби шеберліктері шыңдалған тәжірибелі және шәкірт алдында беделді ұстаздар.

- Зарлық Мақсұтұлы, енді мынадай сауалыма ой қорытыңызшы. Кейінгі кезде мектепке, оқу-тәрбие процесіне күрделі өзгеріс енгізіп, болашақта 11 емес, 12 жыл дәріс берілу керек делінеді. Бұл шетелдерге еліктеу ме, әлде мүддеді мақсатқа бағышталған қажет шара ма?

- Сауалыңыз орынды, қазір мұны екінің бірі қойып жүр. Мен бұл жерде өз түсінігім, өз көзқарасымды келтірейін. Мектеп бітірген жас бүгінде біраз уақыт ешкімге қажетсіз бос қалады. Әрине, жоғары оқу орнына түсе алмағандарды айтамын. Не тұрақты жұмыс орны жоқ, не әскер жасына толмаған толқыма жастың мұндай күй кешуі, сөзсіз, оның әрі қарай қалыптасуына дұрыс әсерін тигізбейді. Осы тұрғыдан келіп, менінше, 12 жыл деген ұғым ақылға сиымды, жастар болашағына тиімді деп есептеймін. Әрине, оған қазір қолма-қол көшуге мүмкіншілік шектеулі. Және де психологиялық, материалдық, бұл жерде оқулықтар ғана емес, кадрлар мәселесі де тиянақты шешілуі шарт. Қорыта келгенде педагогикалық негізді мықты, тиімді қалау жолдары жан-жақты, терең қарастырылғаны абзал.

- Сонымен Қарой орта мектебі жетістігінің негізінде не жатыр дедік?

- Мектеп ұжымына жасалынатын шынайы қамқорлық. Соның ішінде мына кең де сәулетті, жылы, талап деңгейінде жабдықталған сыныптар және түсіністік, сыйластық, бірлік, ынтымақтастық.

Иә, мұндай қасиеттер орнаған жерде жетістіктер неге болмасын, жас ұрпақ білім бұлағына неге сусындамасын! Заңаңмен қоштасып, ғимарат алдында аялдадым. Тазалығы өз алдына, қамқоралақандар жылуымен күтілген гүлдер алаңы көз тартып, хош иісімен көңілді марқайтады. Ал одан беріректе "Ер есімі, ел есінде" деген жалынды сөздері бар тақта еріксіз назар аударады...

**Боташ БЕКМАҒАМБЕТОВ,**
**Қарой ауылы.**

# ОБРАЩЕНИЕ

**Уважаемые руководители сельскохозяйственных предприятий, организаций, учреждений, акимы сел Нуринского района!**

На состоявшемся 2-го августа 2001 г. Пленуме Совета организации ветеранов войны и труда района люди пожилого возраста и инвалиды выразили большую обеспокоенность по поводу подготовки к надвигающейся зиме. Определенная часть этой категории людей при всем их старании без посторонней помощи обойтись не может. Одной пенсии, которая у многих составляет 4000 тенге, не хватает: требуются деньги на питание, обувь и одежду, на дорогостоящие лекарства, оплату за электроэнергию и газ, на уголь и дрова, которые тоже стоят недешево. В связи с этим многие вынуждены для себя держать огород, небольшое подсобное хозяйство, чтобы не столе были основные продукты питания. Ухаживая за хозяйством, уже никто не считается со своим здоровьем и силами, но вот только цены на все необходимое растут, опережая в темпах увеличение пенсий. Мы видим, что основную часть сельхозпродукции закупают города, люди, у которых есть деньги, и после переработки продают, в том числе и нам, селянам, намного дороже.

Мы душевно и сердечно просим всех руководителей, особенно сельскохозяйственных предприятий, крестьянских хозяйств, реально посмотреть на окружающих вас людей старшего поколения, на инвалидов, которые внесли определенный вклад в развитие района, и постараться изыскать возможности по приемлемым ценам продать им сено, зернофураж, помочь одиноким и беспомощным углем, дровами.

Просим каждое хозяйство выделить по этим же ценам зернофураж для ветеранов войны, тыла, труда, реабилитированным, вдовам, инвалидам пос. Киевка, Тенгизского региона.

Скоро повсеместно будут отмечаться День пожилых и День инвалидов. Особенность этих праздников в том, что они будут проходить в юбилейном году – году 10-летия Независимости Республики Казахстан. Мы просим вас также по хорошей традиции, сложившейся в Нуринском районе, почествовать в эти праздники тех, кому 70 и более лет, инвалидов, чтобы все эти мероприятия смогли способствовать подготовке к зиме, чтобы старшее поколение и инвалиды смогли почувствовать, что они не забыты.

**Обращение принято *единогласно на Пленуме* районного Совета организации ветеранов войны и труда.**

*С СЕССИИ РАЙОННОГО МАСЛИХАТА*

# Выполнение решения 7 сессии районного маслихата от 9 ноября 2000 г. "О состоянии и мерах по улучшению медицинского обслуживания населения"

В целях повышения эффективности управления системы организации здравоохранения и выполнения Постановления Правительства РК от 26.04.99 г. № 472 "О мерах по улучшению первичной медико-санитарной помощи сельскому населению" создано коммунальное государственное казенное предприятие – Центр первичной медико-санитарной помощи, согласно решению акима Карагандинской области № 26 от 03.03.2000 г.

Реализован принцип подушевого финансирования в системе ПМСП, где произошло возрастание с 23 тенге до 43 тенге. В связи с увеличением доходной части бюджета по области улучшается снабжение медикаментами.

В течение 2001 г. нашему району выделено 2 санитарных машины, одна из которых передана в СУБ Баршино. Сеть ЛПУ района представлена: ЦРБ – 50 коек, СУБ – 25 коек, СВА – 15, ФАП – 19.

Численность обслуживаемого населения по району составляет 38649 чел. Детей до 14 лет – 10230, до 1 года жизни – 812 детей, подростков – 2036.

Медико-демографические показатели состояния здоровья населения района в 2000 г. и за 6 мес. 2001 г.

| | 2000 г. | за 6 мес. 2001 г. |
|---|---|---|
| Общая смертность составила: | 8,2 | 1,8 |
| младенческая смертность на 1000 родившихся | 6-26,9 | -1-05,2 |
| рождаемость на 1000 человек | 12,6 | 4,9 |
| естественный прирост | 4,4 | 3,0 |
| обеспеченность врачами на 10000 населения | 19,7 | 10,0 |
| число физ. лиц врачей | 41 | 39 |
| обеспеченность средн. мед. работников | 41,3 | 36,4 |
| число средн. мед. физ. лиц. | 157 | 143 |
| обеспеченность койками на 10000 населения | 19,7 | 19,7 |
| уровень заболеваемости всего на 10000 населения | 315,1 | 112,3 |
| заболеваемость туберкулезом на 100000 населения | 18-530 | 27-690 |
| смертность от туберкулеза | 2-5,0 | 2-5,0 |
| заболеваемость злокачественных новообразований | 144,7 против 1999 г. 181,0. | |

Лечебно-профилактические учреждения района в основном размещены в приспособленных зданиях в 2-3 комнатах с печным отоплением за исключением ЦРБ, СУБ Баршино.

С помощью хозяйства проведены капитальные ремонты в СВА Черниговский, Энтузиаст, ФАП Пржевальский, СВА Индустриальный. В остальных лечебных учреждениях проведен текущий ремонт силами медработников.

На сегодняшний день не обеспечены санитарными автомашинами ФАП Нуринский, Шахтер, Индустриальный, им. Чкалова, Балыктыкульский, Амантауский, Аршалы, Талдысай. Санитарные машины Черниговки, Урожайного, Куйбышева, Пржевальского не работают из-за отсутствия запчастей.

В связи с реорганизацией лечебной сети во многих СВА, ранее работающие физиотерапевтические кабинеты и клинические лаборатории перестали существовать из-за сокращения штатных единиц. В настоящее время принимаются все меры для их восстановления, стали работать клинические лаборатории СВА Куйбышева, Киевский, Черниговка, им. Чкалова, Энтузиаст.

В системе здравоохранения района работают 39 врачей, из них по Тенгизу – 2. Средних медработников – 141, из них по Тенгизу – 20, обеспеченность врачами на 10000 населения – 10,0, средними медработниками – 36,1. Имеются квалифицированные категории среди врачей:

1 кат. – 3, ср. медработников – 51

2 кат. – 1

Прошли специализацию за 2000 г. 6 врачей, 2001 г. – 7, средних медработников в 2000 г. – 43.

Не укомплектованы специалистами: ЦРБ – рентгенолог, врач-лаборант, СУБ Баршино – хирургами и педиатрами, СВА Индустриальный и Киевский – врачами.

Противотуберкулезной службе района предоставлены тубкабинеты на базе ЦПМСП, укомплектованы врачами и средними медработниками. За 6 месяцев текущего года при акимате проведены 2 координационных совета, 2 медсовета по актуальным проблемам туберкулеза. Районным акиматом оказана материальная помощь в сумме 43 тыс. тенге. Разработана и реализуется программа по внедрению раннего бактериоскопического метода диагностики туберкулеза. В районе функционирует 2 баклаборатории (ЦРБ, Баршино).

Выявление больных туберкулезом осуществляется преимущественно флюорографическим методом.

Всего работают 2 стационарных флюорографии, кроме того, 2 года подряд осмотр населения осуществляется с помощью передвижной флюоромашиной облтубдиспансера.

В текущем году стационарную помощь получили 44 туббольных, амбулаторную – 26 больных.

В 2001 г. зарегистрировано 27 туббольных, из них 3 детей. Всего осмотрено населения флюорографическим методом в 2000 г. – 12265 чел., из них обязательный контингент – 2485 (при плане 2895 – 85,8 %), подростки – 2154 (при плане 1975 – 109 %).

За 6 мес. стационарным флюорографом осмотрено – 2277 чел. Из них обязательный контингент при плане – 2303, осмотрено – 807 (35 %), подростков при плане 2200, осмотрено – 308 (14 %).

В июне и июле текущего года двумя бригадами специалистов, в состав которых входили 20 человек, с диагностическими аппаратами (УЗИ, ЭКГ), клинической лабораторией в течение 2 недель обследовано и осмотрено около 3 тысяч населения больных в п. Киевка и села Баршино.

Из показателей детской смертности можно прийти к выводу, что заболевшие дети поздно госпитализируются, лишь на 2-3 сутки с момента заболевания, в крайне тяжелом состоянии, когда спасти их зачастую невозможно. Причины поздней госпитализации заключаются в основном в отсутствии транспорта, несвоевременном обращении к врачу.

Отсутствуют в районе детская молочная кухня, детское питание, молочные смеси. С ноября 2000 года получили и израсходовали сухие детские смеси "Малыш" и "Малютка" на сумму 201800 тенге, кроме того, из областной детской больницы в июне их было получено на сумму 24391 тенге.

Медицинская помощь женскому населению осуществляется 3 акушер-гинекологами, одна с. Баршино и 17 акушерками. В районе имеются 15 акушер-гинекологических коек. Женское население составляет – 12234 человека (31,8 % от общего населения). Если в предыдущие годы отмечалось резкое снижение рождаемости, то в последние годы рождаемость стабилизируется. Так, за 1 полугодие 2001 г. родилось более 190 детей, 2000 г. – 223 новорожденных. Всего взято на учет беременных в 2001 г. – 186, что на 21,8 % больше, чем в 2000 году.

В районе по профилактике венерических заболеваний также проводится определенная работа. В ЦРБ работает кабинет по профилактике СПИДа, где идет забор крови у лиц для обследования на ВИЧ.

Всего в 2000 году обследовано – 550 чел., за 6 мес. 2001 г. – 403 человека. Зарегистрировано ВИЧ-инфицированных 3 случая по району. В 2000 г. зарегистрировано 26 случаев заболеванием сифилиса, за 5 мес.2001 г. зарегистрировано – 19 случаев сифилиса. Для сравнения: за 5 месяцев 2000 г. – 13 случаев, в абсолютных цифрах рост на 6 случаев. Заболеваемость по гонорее за 5 мес. 2001 – 6 случаев, по сравнению за 5 мес. 2000 г. – 4 случая, рост на 2 человека.

Показатель заболеваемости на 100000 населения – 18,1 %.

Наркоманов за 2000 г. и за 5 мес. 2001 г. по району не зарегистрировано. В наркологическом кабинете на учете состоят – 572 человека больных алкоголиков, из них – 104 женщины. На "Д" учете состоят – 372 человека. В 2001 г. на принудительное лечение направлены 7 алкоголиков, из них женщин – 2, анонимное лечение прошли 6 человек.

**Б. АБДРАХМАНОВ,**
**заместитель директора ЦПМСП *по оперативно-*организационной работе и ЧС.**

# ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН КІРІСІП КЕТТІ

*РЕПОРТАЖ*

"Жартас" шаруашылығының бас агрономы Жаңбырбай Жақыповты күн бұрын телефон шалып, ертемен осында іс-сапармен шығатынымды ескерткен болатынмын. Бірақ, күнделікті күйбеңің ойлаған ойынмен сәйкес келе бере ме. Директордың қызмет орнына кешеуілдеп кіргенімде, ол қол сағатын нұсқады. Мұнысы әзілі келіп, ойнағалы отырғандығынан емес. Жаратылысынан тәртіпке, сөз бен істің бірлігіне берік абзал азаматтың қазір уақыты минөтіне дейін есептеулі. Біріншіден, ол тағатсыз тоскан сындарлы сәт-мерекелі жылдың орағына түскелі 3-4 күн боп қалды. Екіншіден, әлгінде ғана Қараталдан телефон шалынып, ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары бастаған топты "Индустриальный" шаруашылығы шекарасында қарсы алу тапсырылған-тын.

- Мен өздерінізбен егін-жай араламақ боп тосып отыр едім, енді мынадай тапсырыс алдым, - деді тағы да сағатына үніле Думан Өміркожаұлы Намысов. - Сондықтан сізбен бас инженер болады. Ал танап басынан бас агрономды да кездестіресіздер. Ол жанар-жағармай тасымалындағы арнайы автокөлікте. Орақшылармен бірге жүрген осы жігіттер бәрін әңгімелеп береді...

- Редакцияның "Нивасы" Ақмешіт ауылының күнбатыс шетіндегі көпірмен Нұраны басып өтіп, дала жолының боздақ шаңын бұрқырата жылдамдық ала түсті. Директор айтса айтқандай жолсерігіміз де машина желісінен қалар емес. Шаруашылық барысын тамырынан тартып, баяу-байсалды үнімен бойымызға құйып келеді.

- Бірлік бар жерде, тірлік бар деп дана халқымыз тегін айтпаса керек. Ал оның ұйытқысы бірінші басшы боп, қоршауындағы маман-жетекшілерді мүдделі ортақ мақсатқа бір кісідей жұмылдыра білсе нұр үстіне нұр боларында дау жоқ екен. Мұны біз өз көзімізбен көріп, басымыздан өткеріп жүрген сон ашық айтып отырмын. Әділі керек, әу баста Думан Өміркожаұлына қайсыбіреулер мектеп директоры деген ұғыммен қарады. Өзім болсам көзімді осы темір-терсек ортасында, шаруашылықтың сансалалы өндірісі ішінде ашып, осымен келе жатқан жанмын. Бірақ, Думекеннің алымдылығына, біліктілігіне, ауылшаруашылығына терендігіне таңым бар. Және бұ кісінің асыл әдеті, баршаны сүйсіндіретін қасиеті ол, адамға деген шынайы қамқорлық. Соның ішінде ел болашағы, ертеңіміз жас жеткіншектер мен карияларға ерекше көніл бөледі, олардан колдан келген көмегін аямайды. Осыдан барып қариялар уайымсыз болса, мектеп оқушыларына бүгінгі күн талабына сай білім мен тәрбие алу үшін жан-жақты қамқорлық жасалынуда. Жалпы жана оқу жылына мектеп ұжымы сақадай сай дайындықпен түсіп отыр.

"Нива" өзен бойын қуалай бір қалыппен бір бағытпен зымырап келеді. Алдымызда Лақсалған, Нығыман базы деген жерлер бар. Бүгінде бөлек колхоз боп отырған Алғабас ауылы да солардан алыс емес, тиіп тұр. Тек, айырмашылығы ол Нұраның оң қабағында орналасқан.

- Ал енді тікелей шаруашылыкка, оның тыныс-тіршілігіне келетін болсақ, - дейді әңгімесін одан әрі жалғастырған Жеңіс Байбейілов - иншалла жаман емес. Көктемгі дала жұмыстарын тиісті мерзімінде агротехникалық талаптарға сай өткердік. Соның ішінде әсіресе дән сінірудің сапалылығына зор мән берілді. Шөпшілеріміз де әдеттегідей табыстың тайқазанын тасытып, көздеген нысанадан шықты. Бірақ, "жасыл орақ" әлі де жалғасуда. Тек, ендігіде жеке меншік малына, еңбек адамдары қамқорлығына бағышталған. Әлгінде байқаған боларсыз, шөпшілер өнімді үйді-үйге жеткізіп қана қоймайды, оны иесісінен кем қылмай маялап, орнын тазартып береді. Бұл жерде уақытының басымын дала төсінде өткеріп, мандай терді сылып алып жүрген майталмандардың басы ауырып, уайым баспайды. Өйткені мұндай оң көріністің игі әдетке айналғаны қашан.

